

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ / ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

УДК 342.4

МРНТИ 10.07.01



РАХИМОВ НҰРҒАЛИ БЕРІКҰЛЫ¹

*¹Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,
Астана қ., Қазақстан Республикасы*

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҰҒЫМЫ, ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйіндеме. Мақала Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілдің құқықтық мәртебесін, оның ерекшеліктерін анықтауға арналған. Зерттеу жұмысының міндеттерін тиімді іске асыру үшін бірқатар елдердегі тілдердің құқықтық жағдайына назар бөлінген. Мемлекеттік тілдің қоғамдық-саяси өмірдегі маңызы, оның ресми тіл ұғымынан айырмашылығы ашып көрсетілген. Автор бірқатар ғалымдардың пікірлері мен ұсыныстарын талдай келе, мемлекеттік тілдің басты белгілерін бөліп көрсетеді, сондай-ақ бұл ұғымның өзіндік анықтамасын ұсынады.

Түйінді сөздер: мемлекеттік тіл, ресми тіл, мемлекеттік тілдің құқықтық мәртебесі, ұлттық тіл, қарым-қатынас жасаудың ресми салалары, мемлекеттік егемендік.

Аннотация. Данная статья посвящена исследованию правового статуса государственного языка в Республике Казахстан и выявлению его особенностей. Для качественной реализации задач исследовательской работы, изучен опыт регулирования правового положения языков в отдельных странах. В статье раскрывается значимость государственного языка в общественно-политической жизни, а также его отличие от понятия официального языка. Автор, анализируя различные взгляды и научные предложения ученых, выделяет главные признаки государственного языка, а также предлагает свое определение этого понятия.

Ключевые слова: государственный язык, официальный язык, правовой

статус государственного языка, национальный язык, сферы официального общения, государственный суверенитет.

Abstract. This article is dedicated to research the legal status of the state language. For quality implementation of the objectives of the study the experience of regulating the legal status of languages in individual countries is studied. The article reveals the importance of the state language in the social and political life, and its difference from the concept of the official language. The author, analyzing different opinions and scientific proposals of some scientists, highlights the main symptoms of the state language and had making his own definition of this notion.

Key words: state language, official language, legal status of the state language, national language, the sphere of official communication, state sovereignty.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Халыққа Жолдауында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеру қазақстандықтар үшін жарқын болашаққа апарар жол ретінде айқындалған [1]. Бұл – бәсекеге қабілеттіліктің басты шарты ретіндегі еліміздегі адами капиталды жаңа сапаға көтеретін маңызды бағдар әрі заман талабы.

Елбасымыз белгілеген үштілділік саясатын іске асыру ғылыми ұстанымдарға негізделуі керек. Осыған байланысты, әлеуметтік-саяси өмірдің бірқатар елеулі құбылыстарын арнайы зерттеу қажеттілігі туындайды. Солардың бірі – мемлекеттік тіл ұғымы, оның құқықтық мәртебесінің ерекшелігі.

Тілдердің құқықтық мәртебесі бірқатар ғылыми зерттеулердің өзекті тақырыбына айналғанына қарамастан, мемлекеттік тіл ұғымын анықтауда ортақ пікір әлі қалыптаспаған. Себебі, қандай да болсын тілге мемлекеттік мәртебе беру кезінде нақты бір елдегі тарихи қалыптасқан тілдік ситуация, сол елдің мемлекеттік құрылымы, халқының ұлттық құрамы тәрізді маңызды жағдаяттар ескеріледі.

Халқының этникалық құрамы негізінен біртекті немесе басым көпшілігі біртүрлі азаматтардан құралған мемлекеттерде қоғамдық қатынастардың барлық салаларында бір ғана тіл қолданылатындықтан, тілдердің құқықтық жағдайын жан-жақты реттеу қажеттілігі аса сезілмейді. Мысалы, Америка Құрама Штаттарының 1787 жылғы Конституциясында, Жапонияның 1947 жылғы Конституциясында мемлекеттік тіл мәртебесі туралы, жалпы тіл институтына қатысты ештеңе айтылмаған. Бірақ іс жүзінде ағылшын және жапон тілдерінің мемлекеттік екендігі айдан анық. Халық арасында тарихи тұрғыда екі немесе одан да көп тілдердің қолданысы қалыптасқан елдерде мемлекеттік тіл мәртебесі сәйкесінше екі не одан да көп тілдерге беріледі. Мысалы, Данияда – дат және фарер тілдері, Бельгияда – француз, неміс және голланд тілдері мемлекеттік болып саналады. Ал Швейцарияның Конституциясына сәйкес, мемлекеттік тіл мәртебесі неміс, француз, итальян және ретороман тілдеріне берілген. Бірақ соңғы аталған тіл елдің мемлекеттік және қоғамдық өмірінде іс жүзінде мүлдем қолданылмайды, оған тек

символикалық мән берілген [2, Б.468].

Халқы әртекті және мемлекеттік құрылым үлгісі федеративтік болып келген кейбір елдерде тілдік қатынастарды заңнамалық реттеу өзіндік ерекшеліктерге ие. Мысалы, Ресейде мемлекеттің барлық аумағында қолданылатын орыс тілімен қатар Федерацияның құрамына кіретін республикалардағы ұлттық тілді де мемлекеттік деп атайды. Мұндай ерекшелікті осы елдің зерттеуші-ғалымдары мемлекеттік тілдің анықтамасын беру кезінде де назарға алады. Мәселен, Т.В.Губаева, В.П.Малков мемлекеттік тілді «Ресей Федерациясымен, РФ құрамындағы республикалардың конституцияларымен немесе өзге де заңнамалық актілермен анықталатын, белгілі бір салаларда қарым-қатынас жасаудың міндетті құралы болып табылатын қандай да бір ұлттың тілі ретінде анықтайды [3, Б.6].

Көптеген мемлекеттердің заңнамаларында «мемлекеттік тіл» ұғымымен қатар, «ресми тіл» деген ұғым бекітілген, ал кейбір конституцияларда «мемлекеттік тілдің» орнына «ресми тіл» ұғымы қолданылып, екі ұғым бір мағынада қарастырылады. Мәселен, Латын Америкасында орналасқан бірнеше елдердің негізгі заңдарында, мысалы, Колумбияның, Эквадордың, Венесуэланьң конституцияларында испан тілі ресми тіл деп бекітілген. Бұдан келіп «мемлекеттік тіл» және «ресми тіл» ұғымдарының ара қатынасын анықтау, оларды ажырату қажеттілігі туындайды.

Осы және өзге де мәселелер мемлекеттік тілдің ортақ ғылыми анықтамасын тұжырымдауда қиындықтар туғызады. Бірақ аумағында көптеген тілдер қызмет ететін Қазақстан үшін мұндай тілдің құқықтық мәртебесін ажыратып көрсететін белгілерді анықтау аса қажет.

Мемлекеттік тілдің заңнамалық анықтамасы тұңғыш рет еліміздің 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңда бекітілді. Оның 4-бабының екінші абзацына сәйкес, «мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» [4]. Біздің ойымызша, Заңның бұл дефинитивтік нормасы мемлекеттік тілге тән негізгі белгілерді көрсеткенімен, осы ұғымның мазмұндық жағын толық ашпайды. Мұндай мақсатқа жету үшін оның ғылыми анықтамасын қалыптастырып, басқа, яғни, осындай арнайы мәртебесі жоқ тілдерден түбегейлі айырмашылықтарын көрсететін, оның құқықтық жағдайын дараландырып тұратын өзіне тән негізгі белгілерін айқындап алу қажет.

«Мемлекеттік тіл» ұғымына қатысты ғылымда әр түрлі анықтамалар берілген. Бұл орайда ресейлік ғалым-заңгерлердің зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты айтқан пікірлері мен ғылыми ұстанымдары қызығушылық туғызады. Н.В.Ляшенко өзінің орыс тілінің конституциялық-құқықтық мәртебесін зерттеуге арналған ғылыми жұмысында мемлекеттік тілге мынадай анықтама береді: «Мемлекеттік тіл – бұл мемлекеттің заңнамасына сәйкес ондағы барлық ресми салаларда міндетті түрде пайдаланылатын және осы салаларда интеграциялық қызмет атқаратын тіл». Мұндағы «ресми салаларға»

ол мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметін, ресми құжаттар, нормативтік актілер шығару саласын, тағы да басқа қоғамдық қатынастарды жатқызған [5, Б.8].

А.С.Пиголкин тілдерді қолданумен байланысты пайда болатын қатынастарды құқықтық реттеу сұрақтарына тоқтала отырып, мемлекеттік тілдің негізгі мәнін көрсететін келесідей анықтаманы ұсынған: «Бұл мемлекеттік билік халықпен қарым-қатынас жасайтын, азаматпен сөйлесетін тіл» [6, Б.22]. Осыдан біз мемлекеттік тілдің әрбір азамат, халық, тұтастай қоғам мен мемлекет арасындағы коммуникативтік қатынастың негізгі құралы ретіндегі ерекшелігін аңғарамыз.

Н.В.Шелютто мемлекеттік тілге тән мынадай белгілерді бөліп қарастырады: заңмен бекітіліп, мемлекеттің қорғауына алынады; ол ресми тіл ретінде, яғни заң шығару, іс қағаздарын жүргізу, сот ісін жүргізу салаларында қолданылады. «Бұл – оқу орындарында білім алудың тілі, теледидар мен радиода, газет және журнал шығаруда кеңінен пайдаланылатын тіл» [7, Б.11].

Тілдік саясатты іске асырудағы мемлекеттік тілдің орнын, маңызы мен рөлін ғылыми зерттеу ісіне қазақстандық саясаттанушылар да өзіндік үлес қосып келеді. Мәселен, Г.Күлжанова тілдік қатынастарды реттеу кезінде шоғырланған өзекті мәселелерді қарастыра отырып, мемлекеттік тіл ұғымының мәніне қатысты өз көзқарасын білдірген. Оның пікірінше, мемлекеттік тіл дегеніміз – белгілі бір мемлекетте қолданылуға арнайы мәртебе берілген және оны дамыту мен тарату үшін мемлекет тарапынан арнайы көмек көрсетілетін тіл. Осыған байланысты әрбір елдегі мемлекеттік және қоғамдық билік органдары аталған тілде қызмет етеді, іс жүргізу, арнайы келіссөздер, хат-хабар жазысу әрдайым осындай мәртебесі бар тілде жүзеге асырылады. Мұндай айрықша мәртебені мемлекет құрушы лауазымды ұлттың тілі ғана иеленеді [8, Б.16].

Мемлекеттік тіл ретінде бір немесе бірнеше тіл жариялануы және бекітілуі мүмкін. Екі немесе одан да көп тілдердің мемлекеттік дәрежеде қызмет етуі халықтың ұлттық құрамы, ондағы этникалық топтардың саяси белсенділігі тәрізді көптеген факторларға тәуелді. Елдегі бір ғана ұлттық топтың ана тіліне мемлекеттік мәртебе беріп, халықтың елеулі бөлігін құрайтын екінші бір топтың тілін елемей тастау кейбір мән-жайларда тұрақты сипат алатын қарама-қайшылықтардың басты себебіне айналып, оның арты ұлтаралық қақтығыстарға ұласуы мүмкін. Екінші жағынан мемлекеттегі барлық халықтардың тіліне ерекше құқықтық мәртебе беру, бұған кететін қаржылық шығындарды ғана есептегеннің өзінде, мүмкін емес әрі қисынсыз шаруа. Қоғамдағы интеграциялық үрдістерді кеңейту, халықтар арасындағы келісім мен тұрақтылықты нығайту үшін барлық этностардың тілдік құқықтарының сақталуына кепілдіктер бере отырып, бір ғана тілге мемлекеттік мәртебе берудің маңызы зор. Бұл тұжырымда Ф.Капотортидің айтқан мына бір пікірі дәлелдей түседі: «Көптеген елдерде халықтың бірігуі, ұлттың рухани ұйысуы және ұлттық даралықты сақтау қажеттілігі бір ғана тілдің мемлекеттік болып жариялануын талап етеді деген көзқарас кеңінен

тараған» [9, Б.43].

Ресейлік авторлардың ішінде Л.Н.Васильева мемлекеттік тіл мәртебесінің мазмұнын жан-жақты ашатын тұжырымдар, ғылыми негізделген қорытындылар жасаған. Оның ұсынған анықтамасы бойынша, «мемлекеттік тіл – мемлекеттің барлық территориясында, бірінші кезекте, қарым-қатынас жасаудың ресми салаларында (адам, азамат және мемлекет екіжақты өзара қатынасқа түсетін салаларда) қызмет ететін тіл». Ол заңмен анықталған қоғамдық қатынастар саласында міндетті түрде қолданылады. Зерттеушінің пікірінше, осындай ерекше мәртебесі бар тіл елдің барлық аумағында топтастырушылық рөл атқарады, өйткені осы елде тұратын халықтарды біріктіруге, жақындастыруға мүмкіндік береді, ал бұл мемлекеттің бірлігін, тұтастығын қамтамасыз ету үшін аса маңызды. Сонымен қатар, қандай да бір тілдің мемлекеттік дәрежеде қызмет етуіне қойылатын талаптар айқындалған: мұндай тіл әдеби тіл ретінде дамыған болуы тиіс, оның мемлекеттік тілге жүктелетін қызметтерді орындауға мүмкіндік беретін өзіндік ғылыми терминологиясы болуы керек [10, Б.21-22].

Осы айтылғандардан мемлекеттік тілдің қоғамдық-саяси өмірдегі негізгі мәнін байқауға болады. Ол жекелеген азаматтардан бастап мемлекет деңгейіне дейінгі барлық қоғамдық қатынастар саласында қызмет ете отырып, ел ішіндегі қарым-қатынастың әмбебап құралы болып табылады. Онсыз елдегі билік құрылымдарының, ұйымдар мен мекемелердің қалыпты әрі мардымды жұмыс істеуі мүмкін емес.

Жоғарыда келтірілген көзқарастарды сараптай отырып, мемлекеттік тілдің құқықтық мәртебесін ажыратып тұратын мынадай белгілерді шығаруға болады:

- бұл – мемлекеттің барлық аумағында қарым-қатынас жасаудың барлық салаларында қолданылатын тіл;
- бұл – қоғамдық және мемлекеттік өмірдің ресми салаларында міндетті түрде қолданылатын тіл;
- «мемлекеттік тіл» деген мәртебе мемлекет құрушы және халықтың елеулі бөлігін құрайтын белгілі бір ұлттың тіліне беріледі;
- мемлекеттік тіл - көпұлтты елдерде халықты топтастырудың маңызды факторы;
- мұндай тіл мемлекеттілікті нығайтудың маңызды саяси құралы болғандықтан, оның қызмет етуі мен дамуы мемлекеттің айрықша құқықтық қорғауында болады.

Енді, осы аталған белгілерге жеке-жеке тоқталайық. Бірінші көрсетілген белгісіне сәйкес, мемлекеттік тіл ел аумағындағы қоғамдық қатынастардың барлық саласында (азаматтардың өзара сөйлесуі кезінде, ұйымдар мен бірлестіктердің күнделікті жұмысында, қызметтік қатынастарда, бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар мен ақпараттарда, көлік, байланыс, хат-хабар жазысу, білім беру, ғылым, мәдениет, т.б. салаларда) әлеуметтік-коммуникативтік қызмет атқарады. Мұнда, «қоғамдық қатынастар саласы» және «мемлекеттің аумағы» деген екі маңызды элементтердің мәніне тоқтала

кету қажет.

Конституциялық-құқықтық деңгейде мемлекеттік мәртебені иеленген тіл мұндай дәрежесі жоқ өзге тілдерге қарағанда қоғамдық өмірдің барлық саласында кеңінен қолданылып, әр азамат пен мемлекетті байланыстыратын негізгі құралға айналуы тиіс. Бірақ, өмірде әкімшілік тәсілдермен араласып, мемлекеттік тілдің бұлжытпай қолданылуын талап етуге болмайтын және заңдық реттеуге жатпайтын қоғамдық қатынастардың өте нәзік әрі қарапайым салалары бар. Ол – жеке адамдар арасындағы күнделікті, ресми емес қатынас және діни бірлестіктердегі тіл қолданысы.

Арнаулы мәртебесі бар титулды ұлт тілінің елдің бүкіл аумағында қызмет етуі мемлекеттік егемендіктің бір көрінісі ретінде есептеледі.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, «тілдің тәуелсіздігі әр адамның ойлау тәуелсіздігін білдіреді және мемлекеттік егемендіктің негізгі шарты болып табылады» [11]. Халықаралық қатынастарда мемлекеттік тілдің еркін қолданылуы - ел егемендігінің айқын бір көрінісі.

Жоғарыда біз адамдардың екеуара қатынасындағы тіл қолданысы құқықтық реттеуден тыс қалатындығын атап өткен болатынбыз. Алайда, бір жағынан азамат, екінші жағынан мемлекет, оның құзырлы органдары, мекемелері, мемлекет аумағындағы қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, коммерциялық заңды тұлғалар өзара қатынасқа түсетін қоғамдық қатынастардағы тіл қолданысы әрқашанда заңның реттеуінде болады. Саяси-әлеуметтік өмірдің мұндай аса маңызды салаларында мемлекеттік тіл міндетті түрде қолданылады. Осыдан келіп мемлекеттік тілдің келесі белгісі шығады: оның мемлекеттік өмірдің ресми салаларында міндетті түрде қолданылуы. Тілдің мәртебесін зерттеуші ғалымдардың пікірінше, бұл жердегі ресми салалар дегеніміз – адам, азамат және мемлекеттік органдар, мекемелер өзара қатынасқа түсетін салалар [10, Б.21-23].

Сонымен, қарым-қатынас жасаудың мынадай ресми салаларында мемлекеттік тіл бірінші кезекте әрі міндетті түрде қолданылады: мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу, ұйымдардың қызметі, заңмен анықталған басқа да салалар. Ол биліктің атқарушы, заң шығарушы және сот тармақтарына енетін барлық мемлекеттік органдардың, мекемелердің, сондай-ақ биліктің ешбір тармағына енбейтін мемлекеттік органдардың (мысалы, Конституциялық Кеңес, прокуратура, т.б.) қызметінде қолданылуы тиіс. Халық арасында кең тараған тіл ретінде ол, сонымен қатар, мемлекеттік емес ұйымдардың, әр түрлі заңды тұлғалардың жұмысында пайдаланылады.

«Мемлекеттік тіл» деген конституциялық-құқықтық мәртебе кез келген тілге таңыла салмайды, ол мемлекет құрушы және халық санының көп бөлігін құрайтын ұлттың тіліне беріледі.

Қазақ халқы еліміздің басқа халықтармен біріге отырып өзін-өзі билеу құқығын 1991 жылы жүзеге асырып, ғасырлар бойы ата-бабалар арманы болып келген тәуелсіздікке қол жеткізді. Қазақстан Республикасының әрекеттегі Конституциясының 3-бабының 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік

биліктің бірден-бір бастауы - халық. Қазақстан халқы – бұл қазақ ұлты және басқа ұлттық топтардың, әр түрлі диаспоралардың күрделі бірлігі. Елімізде жүзден астам ұлт өкілдері тату тіршілік кешуде. Әр ұлт өкілдері мемлекетті өркендетуге, қоғамдық келісім мен ұлтаралық достықты нығайтуға үлес қосып отыр. Мемлекет басқа өркениетті, демократиялық елдер тәрізді қазақ ұлтына ешбір артықшылықтар бермейді. Дегенмен, елдің саяси өміріндегі Қазақстанның байырғы тұрғындарының ықпалы мен рөлін мойындамауға болмайды. «...Қазақстанда құрылған мемлекеттілік этникалық емес, көп этникалы бастауларға негізделген. Басқаша айтқанда, Қазақстан мемлекеті барлық халықтардың саяси ұйымы болып табылады. Сонымен бірге бұл қазақ халқының тәуелсіз мемлекет құрудағы рөлі мен маңызын кемітпейді...» [12, Б.6].

Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің ұлттық тегі оның атауынан ғана көрініп тұрған жоқ. Ол сондай-ақ қазақ тілін конституциялық тұрғыда мемлекеттік тіл ретінде жариялаудан және мемлекеттегі жоғарғы лауазымды қызметтерді иеленудің заңдық критерийі ретінде мемлекеттік тілді білу талабын бекітуден көрінеді [12, Б.115-116]. Қазақстан Республикасының Конституциясына, 1995 жылғы 16 қазандағы «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңдарына сәйкес, мемлекеттік тілді еркін меңгеру ҚР Президентінің, Парламент Сенаты мен Мәжілісі Төрағаларының лауазымын иеленудің міндетті шарты болып табылады.

Көріп отырғанымыздай, мемлекеттік тіл – бұл әрқашанда ұлттық тіл. Елдегі басқа халықтардың, диаспоралардың тілі осындай мәртебені иелене алмайды. Себебі, тарихи отаны өзге мемлекеттерде болғандықтан, олар нақ осы елде мемлекет құрушы ұлт болып саналмайды. Міне, осыған байланысты біздің елімізде орыс тілі кеңінен таралғанына қарамастан, мемлекеттік тіл ретінде танылмайды. Қазақтар тек өз жерінде ғана ұлт деген мәнді иеленеді және тек өз мемлекеттілігінің аумағында қазақ тілін мемлекеттік деп бекітуге құқылы.

Мемлекеттік тілдің қоғамдық және мемлекеттік өмірде қызмет етуінің келесі бір маңызды белгісі оның барлық халықты топтастырушы рөл атқаратындығында жатыр. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының 4-бабындағы ережеге сәйкес, «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы». Осыдан біз қазақ тілінің мемлекетіміздегі тағы бір мәнін байқаймыз. Кез келген елдің халқын құраушы азаматтар тек бірін-бірі түсініскен, өзара араласқан жағдайда ғана тиімді топтасады, бірігеді. Ал бұған апаратын бірден бір жол – саяси-әлеуметтік өмірде өзіндік идеологиялық мағынасы бар мемлекеттік тілдің қызмет етуі. Осындай ұстаным мен пікірді Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы Қазақстан халқына Жолдауынан ұшыратуға болады. Атап айтқанда, «Рухани даму мен конфессиялар аралық келісім» атты бөлімде келесідей

нұсқау көрініс тапқан: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» [13].

Мемлекеттік тілдің әрқашан «ұлттық тіл» екендігі және қоғамдық-саяси өмірдегі «топтастырушылық рөлі» оны ресми тіл ұғымынан ажыратып тұрады. Мұның дәлелі ретінде 1953 жылы ЮНЕСКО (Білім, ғылым және мәдениет сұрақтары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы) сарапшылары ұсынған екі ұғымның мынадай анықтамасын келтірейік: мемлекеттік тіл (“national language”) - белгілі бір мемлекеттің шегінде саяси, әлеуметтік және мәдени салаларда интеграциялық қызмет атқаратын, осыған байланысты мемлекеттің символы болып танылатын тіл; ресми тіл («official language») - мемлекеттік басқарудың, заң шығарудың және сот ісін жүргізудің тілі [14, Б. 61-62]. Бұдан біз мемлекеттік тіл мәртебесі мазмұны жағынан анағұрлым ауқымды екендігін байқаймыз. Осыған байланысты, еліміздегі қазақ тілін мемлекеттік әрі ресми тіл деп қарастырған жөн.

Мемлекеттік тіл қоғамдық-саяси, ұлттық болмыстың ерекше маңызды құбылысы болғандықтан, оның өз мәніне сай қызмет етуі мен өркендеуі мемлекеттің айрықша құқықтық қорғауында болады. Қорғау қолдау арқылы және мемлекеттік тілдің дамуына нұқсан келтіретін барлық іс-әрекеттер үшін заңдық жауапкершілік белгілеу арқылы жүзеге асырылады. Тілдің дамуына нұқсан келтіріп, оның қолданылуын шектейтін іс-әрекеттер әр түрлі болуы мүмкін: оның ресми салаларда қызмет етуіне кедергі келтіру, азаматтардың мемлекеттік тілдегі арыз-шағымдарын қабылдаудан бас тарту, оның қолданылуын шектейтін жәйттерге немқұрайлы қарау т.б. Мемлекеттік тілдің дамуын осы және өзге де іс-әрекеттерден қорғайтын құқықтық норма «Тіл туралы» Заңның 24-бабында жазылған: «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі мемлекеттік органдардың, кез келген меншік нысанындағы ұйымдардың бірінші басшылары, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады». Осы баптың екінші абзацы бойынша «лауазымды адамның мемлекеттік тілді білмеу желеуімен азаматтардың өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ мемлекеттік тілде және басқа тілдерде қызмет атқарылатын салада қолданылуына кез келген кедергі келтіру Қазақстан Республикасының заңдарына көзделген жауаптылыққа әкеліп соғады».

Мемлекеттік тілдің өзіндік ерекшелігі, басқа тілдердің мәртебесінен жоғары тұратындығы осы бағыттағы іс-қимылдардың батылырақ әрі ұқыпты жүргізілуін талап етеді. Дегенмен, мұндай белсенділік ғылыми ойластырылған ұстанымға негізделуі қажет. Онсыз қандай да болсын іс-шараны тиімді жүргізу екіталай. Сондықтан осыған дейін қамтылған дүниелерді түйіндей келіп, мемлекеттік тілдің ғылыми маңызы бар келесідей анықтамасын ұсынуды жөн көрдік: *«Мемлекеттік тіл – бұл мемлекеттің барлық аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қызмет ететін, соның ішінде қарым-қатынас жасаудың ресми салаларында міндетті түрде қолданылатын, мемлекеттің айрықша құқықтық қорғауында болатын, көпұлтты елде*

халықты топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекет құрушы және халықтың көп бөлігін құрайтын ұлттың тілі».

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар [Текст] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты 2018. - (<http://www.akorda.kz/..kazakstan-respublikasynun-prezidenti-n-n>) – интернет - источники.

2. Сухарев, А.Я. Большой юридический словарь [Текст] / Под ред.: А.Я. Сухарева, В.Д. Зорькина, В.Е. Крутских. - М.: ИНФРА-М, 1997.468 с. - книга.

3. Губаева, Т.В. Государственный язык и его правовой статус [Текст] / Т.В. Губаева, В.П. Малков // Государство и право. – 1999. - № 7. – С.5-14 - (<http://www.smartpolitic.ru/smapos-528-7.html>) – интернет - источники.

4. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жыл 11 шілде [Текст]. – (http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_) – интернет - источники.

5. Ляшенко, Н.В. Русский язык как государственный язык Российской Федерации: конституционно-правовой анализ [Текст].: автореф. дис... канд. юр. наук / Н.В.Ляшенко.- Москва: 2004, 163 с. (<https://cyberleninka.ru/.../russkiy-yazyk-kak-gosudarstvennyu-i-sovremennuyu-russkiy>) - автореферат.

6. Пиголкин, А.С. Законодательство о языках Российской Федерации: опыт, проблема развития [Текст]: Сборник / А.С.Пиголкин // Языковая ситуация в Российской Федерации – М., 1992, 22 с. - сборник.

7. Шелютто, Н.В. О правовом режиме языка [Текст] / Н.В.Шелютто // Советское государство и право. - 1989, - № 4. – С.30-38 - журнал.

8. Күлжанова, Г. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің болашағы [Текст] / Г. Күлжанова // Қоғам және дәуір. – 2004. - № 2.-16 с. - журнал.

9. Капоторти, Ф. Исследование по вопросу о правах лиц, принадлежащих к этническим, религиозным и языковым меньшинствам [Текст] / Ф. Капоторти.- Нью-Йорк, 1979. – 43 с. - книга.

10. Васильева, Л.Н. Законодательное регулирование использования языков в Российской Федерации [Текст]: автореф. дис. канд. юр. наук / Л.Н.Васильева. – Москва: 2004. – С.21-23 – автореферат.

11. Назарбаев, Н.А. Пусть родной язык станет опорой нашей духовной свободы и государственной независимости [Текст] / Н.А.Назарбаев // Казахстанская правда.-1998.- 29 янв. – газетные статьи.

12. Сапарғалиев, Ғ. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Түсініктеме. [Текст] / Ред. басқ. Ғ.Сапарғалиев.– Ауд. С. Бактыгерейұлы. - А., 1999. - 11-б., С. 115-116 - словарь.

13.. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында. Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы Астана, 2005 жылғы 16 ақпан [Текст] / Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты 2005. - (http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-

respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2005-zhylgy-16-акпан) – интернет - источники.

14. Бердашкевич, А.П. О государственной языковой политике России [Текст] / А.П.Бердашкевич // Высшее образование в России.- 2000.- № 6. С. 61-62 (<https://cyberleninka.ru/article/n/o-gosudarstvennoy-yazykovoy-politike-rossii>) – интернет – источники.